

Әскери техника мен қару-жарақтың экспорты және импорты туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 29 шілде N 848. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.03.17. N 283 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30 шілдедегі N 1311 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 тамыздағы N 717 қаулысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін сапалық жағынан қайта қаруландыру мүддесіне орай Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне түскен барлық түсімді Қорғаныс министрлігінің валюталық шотына аударып, валюталық түсімнің және кедендік баж салығының бір бөлігін Ұлттық банктің резерв қорына міндетті түрде сатудан босата отырып, ескірген техника мен мүлікті нақты үлгілер түрінде, сондай-ақ қара және түсті металдар сынығын "Қазақстан Сауда" Мемлекеттік сыртқы сауда компаниясы арқылы сатуға рұқсат етілсін. <*>

Ескерту. 1-тармағына өзгерістер енгізілген - Қ.Р.К.М. 1994 ж.

21 қарашадағы N 1308 қаулысымен.

1-тармақ сөздермен толықтырылған - ҚРМК-нің 12.08.

1994 ж. N 900 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қорғаныс министрлігі

:

- әскери техника мен қару-жарақты сату бойынша айналыс шығындарын және "Қазақстан Сауда" МСК иелігінде қалатын валюталық түсімнің үлесін нормалайтын болсын;

- валюталық түсімнің республика аумағына толық түсуіне есеп жүргізу мен бақылау жасауды және бұл қаражаттың қорғаныс пен қауіпсіздік мұқтажына ғана нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

- әскери бюджетті қалыптастыру кезінде әскери өнімдерді сатудан түскен валюталық түсімді ескерсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК